

## Глубокое ауданы бойынша 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 489 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 қарашада № 5279 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 168 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 02.04.2018 № 168 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы 2-тармағына сәйкес, Глубокое ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Глубокое ауданы бойынша 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. "2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Глубокое ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 06 наурыздағы № 115 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2017 жылғы 03 сәуірде № 4919 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 14 сәуірде жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

## Глубокое ауданы бойынша 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Тәрбиеленушілер саны (адам)	Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын төлемақысының мөлшері, теңге	Айына ата – ана төлемақысының мөлшері, теңге				
Балабақшалар, бөбекжай	Мектеп - балабақша кешендері	Шағын орталықтар	- Балабақшалар, бөбекжай	Мектеп - балабақша кешендері	Шағын - орталықтар	
280	305	278	32334	15209	11370	11500